

ЖШС Білім Беру Орталығы "Жаңа Урпак"



Бекітемін
ЖШС Білім Беру Орталығы "Жаңа Урпак"
меңгерушісі: Курбанова С.И.

**"Балапан " кіші жас тобына арналған
2022 – 2023 оқу жылының
перспективалық жоспары**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: ЖШС Білім Беру Орталығы "Жаңа Урпак"

Топ: "Балапан " кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022 – 2023 оқу жылы. Қыркүйек айы

| Ай | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|----|---------------------------|---|
| | Дене шынықтыру | 1)Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; 2)тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; 3)табандарды бұғу (жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолындағы затты бере отырып,тұлғасын оңға-солға бұру: 4)шалқасынан жатқан қалыпта қолдары мен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру, арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу, алға, жан-жағына қарай еңкею. |

| | |
|-----------------|---|
| Сөйлеуді дамыту | <ol style="list-style-type: none">1) айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді;2) дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды;3) дыбыстарды, сөздерді және сөз тіркестерін дауыстың қарқынын, екпінін, күшін есепке алып, дыбыстарды дәл айтуды қалыптастыру.4) Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге үйрету. |
| Көркем әдебиет | <ol style="list-style-type: none">1) ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалау2) тақпақтардың интонациясын қабылдауды;3) кейіпкерлердің пайда болуын, олардың өзара әрекеттерін қадағалауға; |

| | |
|----------------------------|---|
| | 4)ертегілердегі, әңгімелердегі, өлеңдердегі карама-қарсы бейнелерді түсінуді; |
| Сенсорика | 1)Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, 2)Ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау. 3)қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру 4)әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | 1)Бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, 2)тірі және өлі табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту; 3)жолдастарының есімдерін есте сақтау 4)басқаларға құрметпен қарауға және өз отбасына қатыстылығын тәрбиелеу. |
| Құрастыру | 1) Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету. 2)құрылыс үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, үй, машина, жиһаздар құрылысының жетіспейтін бөліктерін таба білу біліктерін қалыптастыру 3)әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары. 4)материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр). |
| Сурет салу | 1)Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. 2)Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту. 3)түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету 4)(жаңбыр, қар, жол, түтін), парақ бетінде бейнені орналастыру; |
| Мүсіндеу | 1)балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; 2)ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру 3)техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу. 4)сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін үйрету; |
| Жапсыру | 1)Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда) үйрету. 2)қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. |

| | |
|--------|--|
| | <p>3)гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа орналастыру.</p> <p>4)қарапайым пішіндер (машина, үй, қар адамы) құрастырады және орналастыру;</p> |
| Музыка | <p>Музыка тыңдау:</p> <p>1) музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру;</p> <p>Ән айту:</p> <p>2)ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру;</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>1) музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау;</p> |

Білім беру ұйымы: ЖШС Білім Беру Орталығы "Жаңа Урпак"

Топ: "Балапан " кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы Қазан айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----|---------------------------|--|
| Қ а | Дене шынықтыру | <p>Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен жүру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап жүгіру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың үстінен еңбектеу дағдысын жетілдіру.</p> <p>Домалату, лақтыру. Екі қолмен допты лақтыру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге дағдысын жетілдіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу.</p> <p>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұғу.</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс білдіретін сөздерді атауға үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Балаларға зат есімнің көпше түрін қолдануға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ересектердің сөзін түсінуге дағдыландыру.</p> |
| | Көркем әдебиет | Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. |

| | |
|------------------|---|
| Сенсорика | Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. |
| Қоршаған ортамен | «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. |

| | |
|------------|--|
| таныстыру | <p>Көлік. Көліктер туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету.</p> <p>Табиғат әлемі. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру.</p> |
| Құрастыру | <p>Жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірден екі-үш құрылысты тұрғызу (үстел және орындық, үстел және диван), құрылыстық қасиетін ескере отырып, материалды таңдау.</p> <p>Құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолдана отырып, оларды ойнату және тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинастыру.</p> <p>Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.</p> |
| Сурет салу | <p>Дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелеуге үйрету.</p> <p>Қағаздың қасиеттерін білуге, қарындашты дұрыс ұстай алуға (үш саусақпен) үйрету.</p> <p>Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.</p> <p>Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.</p> |
| Мүсіндеу | <p>Жапсырудың қарапайым тәсілдерін меңгерген (бөліктерді бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алады).</p> <p>Бірдей және түрлі көлемді шарларды біріктіру жолдарымен заттарды мүсіндейді.</p> <p>Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.</p> |
| Жапсыру | <p>Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастырады және құрастырады, орындалған жұмысқа қуанады.</p> <p>Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.</p> |

| | |
|--------|---|
| Музыка | <p>Музыка тыңдау.Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p>Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау.Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен) орындау дағдысын дамыту.</p> |
|--------|---|

Білім беру ұйымы: ЖШС Білім Беру Орталығы "Жаңа Урпак"

Топ: "Балапан " кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы Қараша айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс- әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекетінің міндеттері |
|-----|----------------------------|---|
| Қ а | Дене шынықтыру | <p>Жүру.Шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Гимнастикалық скамейканың үстімен жүру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Жүгіру.Берілген бағытта жүгіру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу.Көлбеу тақтайдың бойымен еңбектеу дағдысын жетілдіру.</p> <p>Домалату, лақтыру.Әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) допты лақтыру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Секіру.Алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге дағдысын жетілдіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу.</p> <p>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: алға және екі жаққа еңкею.</p> <p>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу.</p> <p>Қимылды ойындар. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру) жетілдіру.</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын: жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын атауға үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Балаларға сын есімді зат есіммен дұрыс айтылуын үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға дағдыландыру.</p> |

| | |
|----------------|---|
| Көркем әдебиет | Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйретуге жалғастыру. |
| Сенсорика | Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және |

| | |
|----------------------------|---|
| | іріктеуді жетілдіру. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу) белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу. Көлік. Көлік туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Еңбекке баулу. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Адамгершілік тәрбиесі. Дәрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; Табиғат әлемі. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату. |
| Құрастыру | Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (күм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. |
| Сурет салу | Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, күмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. |
| Мүсіндеу | Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. |
| Жапсыру | Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. |
| Музыка | Музыка тыңдау. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Ән айту. Педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. Музыкалық аспаптарында ойнау. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (сылдырмақпен) |

| | | |
|--|--|--------------------------|
| | | орындау дағдысын дамыту. |
|--|--|--------------------------|

Білім беру ұйымы: ЖШС Білім Беру Орталығы "Жаңа Урпак"

Топ: "Балапан " кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы Желтоқсан айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс- әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекетінің міндеттері |
|-----|----------------------------|---|
| Ж е | Дене шынықтыру | <p>Жүру. Шеңбер бойымен бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу дағдысын жетілдіру.</p> <p>Жүгіру. Әртүрлі қарқынмен жүгіру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Доғаның бойымен еңбектеу дағдысын жетілдіру.</p> <p>Домалату, лақтыру. Отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату дағдысын жетілдіру.</p> <p>Секіру. 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге дағдысын жетілдіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу.</p> <p>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу.</p> <p>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Аяқтың өкшесін алға қою.</p> <p>Қимылды ойындар. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүгіру) жетілдіру.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға үйрету.</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын: көлік құралдарын атауға үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктің өткен шағымен байланыстыруға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.</p> |

| | |
|----------------|---|
| Көркем әдебиет | Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. |
| Сенсорика | Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. |

| | |
|-----------------------------------|---|
| <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> | <p>Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру.</p> <p>Заттық әлем. Белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату) орындауға баулу.</p> <p>Көлік. Көше туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару үйрету.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға үйрету.</p> <p>Табиғат әлемі. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота) таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу.</p> |
| <p>Құрастыру</p> | <p>Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.</p> <p>Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.</p> |
| <p>Сурет салу</p> | <p>Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.</p> |
| <p>Мүсіндеу</p> | <p>Кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.</p> <p>Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.</p> |
| <p>Жапсыру</p> | <p>Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.</p> |
| <p>Музыка</p> | <p>Музыка тыңдау. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын.</p> <p>Ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (маракаспен) орындау дағдысын дамыту.</p> |

Білім беру ұйымы: ЖШС Білім Беру Орталығы "Жаңа Урпак"

Топ: "Балапан " кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы Қаңтар айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс- әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекетінің міндеттері |
|------------|----------------------------|---|
| Қаңтар айы | Дене шынықтыру | <p>Жүру. Аяқтың ұшымен жүру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту дағдысын жетілдіру.</p> <p>Жүгіру. Заттардың арасымен жүгіру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Гимнастикалық скамейканың астынан еңбектеу дағдысын жетілдіру.</p> <p>Домалату, лақтыру. Екі қолмен допты лақтыру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Секіру. Еденде жатқан секіргіштен аттап секіруге үйрету.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).</p> <p>Қимылды ойындар. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (лақтыру) жетілдіру.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын: жеке бас гигиенасы заттарын атауға үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым неғұрым күрделі сұрақтарға (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.</p> |
| | Көркем әдебиет | <p>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.</p> <p>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p> |

| | |
|-----------|---|
| Сенсорика | Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. |
| Қоршаған | Заттық әлем. Белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (машинаны итеру) |

| | | |
|--|-------------------|---|
| | ортамен таныстыру | <p>орындауға баулу.</p> <p>Көлік. Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу.</p> <p>Табиғат әлемі. Аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p> |
| | Құрастыру | <p>Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыруға жалғастыру.</p> |
| | Сурет салу | <p>Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.</p> |
| | Мүсіндеу | <p>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйретуге жалғастыру.</p> <p>Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйретуге жалғастыру.</p> |
| | Жапсыру | <p>Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйретуге жалғастыру.</p> |
| | Музыка | <p>Музыка тыңдау. Фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.</p> <p>Ән айту. Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен) орындау дағдысын дамыту.</p> |

Білім беру ұйымы: ЖШС Білім Беру Орталығы "Жаңа Урпак"

Топ: "Балапан " кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы Ақпан айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс- әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекетінің міндеттері |
|-----------|----------------------------|---|
| Ақпан айы | Дене шынықтыру | <p>Жүру. Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Жүгіру. Аяқтың ұшымен, жүгіру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу дағдысын жетілдіру.</p> <p>Домалату, лақтыру. Әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Секіру. Лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою;</p> <p>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.</p> <p>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұғу.</p> <p>Қимылды ойындар. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (домалату) жетілдіру.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға үйрету.</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p>Сөздік қор. Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю) атауға үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздердің дұрыс айтылуын үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атауға</p> |

| | |
|----------------|---|
| | үйрету. |
| Көркем әдебиет | Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйретуге жалғастыру. |

| | | |
|--|----------------------------|---|
| | Сенсорика | Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | <p>Заттық әлем. Белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (қуыршақты жатқызу) орындауға баулу.</p> <p>Көлік. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Табиғат әлемі. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел.</p> |
| | Құрастыру | Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (күм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. |
| | Сурет салу | <p>Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.</p> <p>Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.</p> |
| | Мүсіндеу | <p>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету.</p> <p>Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйретуге жалғастыру.</p> |
| | Жапсыру | Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйретуге жалғастыру. |
| | Музыка | <p>Музыка тыңдау. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.</p> <p>Ән айту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> |

| | | |
|--|--|--|
| | | Музыкалық аспаптарында ойнау. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (сылдырмақ) орындау дағдысын дамыту. |
|--|--|--|

Білім беру ұйымы: ЖШС Білім Беру Орталығы "Жаңа Урпак"

Топ: "Балапан " кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы Наурыз айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс- әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекетінің міндеттері |
|------------|----------------------------|--|
| Наурыз айы | Дене шынықтыру | <p>Жүру. Белгі бойынша тоқтап жүру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Орнында баяу айналу дағдысын жетілдіру.</p> <p>Жүгіру. Белгі бойынша тоқтап жүгіру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелеу дағдысын жетілдіру.</p> <p>Домалату, лақтыру. Отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату дағдысын жетілдіру.</p> <p>Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге үйретуге жалғастыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: қолды артқа қою оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұғу және ашу.</p> <p>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу.</p> <p>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу.</p> <p>Қимылды ойындар. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру, аю сияқты қорбаңдап жүру).</p> <p>Спорттық жаттығулар. Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.</p> |

| | |
|-----------------|--|
| Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қор. Еңбек әрекетін қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?».</p> |
| Көркем әдебиет | Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы |

| | |
|----------------------------|--|
| | тыңдау. |
| Сенсорика | Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Заттық әлем. Белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Көлік. Көліктер туралы түсініктерді қалыптастыру Еңбекке баулу. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Адамгершілік тәрбиесі. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дәрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру. Табиғат әлемі. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. |
| Құрастыру | Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. |
| Сурет салу | Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. |
| Мүсіндеу | Кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйретуге жалғастыру. |
| Жапсыру | Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. |
| Музыка | Музыка тыңдау. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) дыбыстарымен таныстыру. Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. |

| | | |
|--|--|---|
| | | Музыкалық аспаптарында ойнау. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (маракаспен) орындау дағдысын дамыту. |
|--|--|---|

Білім беру ұйымы: ЖШС Білім Беру Орталығы "Жаңа Урпак"

Топ: "Балапан " кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы Сәуір айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс- әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекетінің міндеттері |
|-----------|----------------------------|--|
| Сәуір айы | Дене шынықтыру. | <p>Жүру.Иректелген лентаның бойымен жүру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен жүру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Жүгіру.Бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу.Шектеулі жазықтың үстінен өрмелеу дағдысын жетілдіру.</p> <p>Домалату, лақтыру. Екі қолмен допты лақтыру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Секіру. Алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге үйретуге жалғастыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Алға және екі жаққа еңкею.</p> <p>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Аяқтың өкшесін алға қою.</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қор. Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларға зат есімнің көпше түрін қолдануға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p> |

| | |
|----------------|--|
| Көркем әдебиет | Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. |
|----------------|--|

| | |
|----------------------------|--|
| Сенсорика | Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Көлік. Көше туралы түсініктерді қалыптастыру. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Адамгершілік тәрбиесі. Бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Табиғат әлемі. Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау. |
| Құрастыру | Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. |
| Сурет салу | Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. |
| Мүсіндеу | Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйретуге жалғастыру. |
| Жапсыру | Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. |
| Музыка | Музыка тыңдау. Балаларды қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Музыкалық аспаптарында ойнау. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен) орындау дағдысын дамыту. |

Білім беру ұйымы: ЖШС Білім Беру Орталығы "Жаңа Урпак"

Топ: "Балапан " кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы Мамыр айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс- әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекетінің міндеттері |
|-----------|----------------------------|--|
| Мамыр айы | Дене шынықтыру | <p>Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Гимнастикалық скамейканың үстімен жүру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Жүгіру. Бағытты өзгертіп жүгіру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Көлбеу тақтайдың бойымен еңбектеу дағдысын жетілдіру.</p> <p>Домалату, лақтыру. Әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) допты лақтыру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Секіру. 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге үйретуге жалғастыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу.</p> <p>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу.</p> <p>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар: Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).</p> <p>Қимылды ойындар. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру) жетілдіру.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p>Сөздік қор. Топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларға сын есімді зат есіммен дұрыс айтылуын үйретуге жалғастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге дағдыландыру.</p> |

| | |
|----------------|---|
| Көркем әдебиет | Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. |
| Сенсорика | Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. |

| | | |
|----------------------------|--|--|
| Қоршаған ортамен таныстыру | | <p>Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу) белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу.</p> <p>Көлік. Жол туралы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Табиғат әлемі. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.</p> |
| Құрастыру | | <p>Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.</p> |
| Сурет салу | | <p>Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.</p> |
| Мүсіндеу | | <p>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйретуге жалғастыру.</p> <p>Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйретуге жалғастыру.</p> |
| Жапсыру | | <p>Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. Музыка тыңдау. Балаларды қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру.</p> |
| Музыка | | <p>Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p>Ән айту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.</p> |

